

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 143 (9205) | 1953 жылғы 19 июль Жексенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Физкультурашылардың бүкілодақтық күні

Бүгін — физкультурашылардың Бүкілодақтық күні. Бұл күнді ұлы Отанымыздың барлық еңбекшілері өзінің дәстүрлі мерекесі ретінде атап өтіп, совет физкультурашыларының күшіне, оның табыстары мен жеңістеріне байқау жасайды. Бұл күні совет физкультурашылары өздерінің социалистік Отанына, Совет Одағының Коммунистік партиясы мен Совет үкметіне ақырына дейін берілгендігін және сүйіспеншілігін көрсетеді, спорт шеберліктерін арттыруда, жаңа рекордтар жасауда қол жеткен табыстарын салтанат етеді.

Біздің елімізде физкультура мен спорт мемлекеттік маңызы зор іске айналды. Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде, олардың денсаулығын арттыруда және оларды батыл, қайратты, жігерлі етіп тәрбиелеуде физкультура тәрбиесінің алғаратрм роліне жете мән бере отырып, Совет үкметі мен Коммунистік партия елімізде физкультура мен спортты жанпай өрістетіп, оны бүкілодақтық іске айналдыруға қажетті жағдайдың барлығын туғызып отыр. Осының нәтижесінде еңбекшілерге физкультура тәрбиесін беру ісі үздіксіз жақсарып келеді.

Партия мен үкметіміздің бұл аса зор қамқорлығына совет физкультурашылары іспен жауап беруде. Мәселен, 1949—1951 жылдар ішінде ғана ССР Одағында 1309 рекорд жасалса, 1952 жылға дейін елімізде жасалған 68 рекорд дүниежүзілік рекордтан асып түсті. Үгіміздегі жылы Совет Одағының баскетбол командасы 1953 жылдың Европа чемпионы деген атақты жеңіп алды.

Өздерінің спорт шеберлігін арттырып, Отанымызды даңқты бөлеген, дүние жүзіне аты шыққан даңқты спортшыларымыз Халида Шөгелееваны, М. Ботвеникті, М. Селихованы, Р. Жукованы, О. Гончаренко мен Шодикасты және дүниежүзілік рекорд жасаған жеңіл атлетик Н. Отколенконы және басқаларын еліміздің еңбекшілері мақтанышпен қадір тұтады. Халқымыз өз спортшыларының қол жеткен табыстарын мақтанышпен жеткендігіне байланысты.

туде, спорт шеберліктерін күнбе-күн арттыруда бірқатар жаңа табыстарға жетумен қарсы алып отыр. Облысымызда спорттың көптеген түрлері бойынша оқу-жаттығу және тәрбие жұмыстары едәуір жақсарды. Спортпен шұғылданушылардың саны үздіксіз артауда. Бұл күндері разрядшы спортшылар қатары біржарым мың адамға жетіп отыр.

Жазғы спорт маусымы басталғалы спорттың түр- түрі бойынша өткізілген қалалық жарыстарда 18 рекорд жасалды, оның ішінде 4 рекорд республикалық рекордтан асып түсті. Көзір қаланың өзінде ғана 14 ерікті спорт қоғамы, 152 төменгі спорт коллективі жұмыс істейді. Ал, қала спортшыларының қатары 12 мың 479 адамға жетті. Олардың қарамағында көптеген стадиондар, алаңдар, спорт базалары бар.

Қазақстан Орталық партия Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің республикада «Колхозшы» ерікті спорт қоғамын құру туралы қаулысының жарыққа шығуы ауыл-селода физкультура мен спортты өрістетуге түсуге мүмкіндік берді. Көзір республикамыздағы сыяқты біздің облысымыздың да барлық колхоздарында дерлік физкультура коллективтері бар. Ауыл-селолық жерлерде «Колхозшы» ерікті спорт қоғамының 171 төменгі коллективі жұмыс істейді. Олардағы мүшенің саны 4796 адам.

Облысымыздың село спортшыларынан 3 адам 1953 жылы республикалық құрама командамен село жастарының бүкілодақтық шаңғы жарысына қатысты. Село спортшылары жазғы спорт түрлері бойынша да өздерінің шеберлігін арттыру жолында күш жұмсай отырып, село жастарының алдымызда өткізілгені отырған республикалық жарысына қызу әзірленуде.

Бүгін еліміздің көп миллиондаған физкультурашылар армиясы өздерінің дәстүрлі мерекесін физкультура ісінде жаңа табыстармен қарсы алып отыр. Коммунистік партияның басшылығы арқасында совет

Қазақ ССР-нің республикалық министрліктерін қайта құру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының УКАЗЫ

Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі және Қазақ ССР Жергілікті отын өнеркәсіп министрлігі бір министрлік — Қазақ ССР Жергілікті және отын өнеркәсіп министрлігі болып біріктірілсін.

2. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі Қазақ ССР Жол және транспорт шаруашылығы министрлігі болып қайта құрылсын.

3. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің қаулына Қазақ ССР Конституциясына тиісті өзгертулер жасау туралы ұсыныс енгізілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
Д. КЕРІМБАЕВ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары
Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы, 17 июль 1953 жыл.

Қазақ ССР-нің республикалық Тұрғын үй-азаматтық құрылыс министрлігін құру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының УКАЗЫ

Қазақ ССР-інде тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық және коммуналдық құрылысты тиісті дәрежеде ұйымдастыруды қамтамасыз ету және республиканың құрылыс

ұйымдарын нығайту мақсатында Қазақ ССР Тұрғын үй- азаматтық құрылыс министрлігі құрылсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
Д. КЕРІМБАЕВ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары
Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы, 17 июль 1953 жыл.

Еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерінің кейбір бөлімдері мен басқармаларын біріктіру және қайта құру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының УКАЗЫ

Қазақ ССР-нің бірқатар министрліктері мен ведомстволарының біріктірілуіне және қайта құрылуына байланысты Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді:

1. Еңбекшілер депутаттарының облыстық Советі атқару комитеттерінің төмен-

және жергілікті өнеркәсіп бөлімі жергілікті және отын өнеркәсіп бөлімі болып біріктірілсін.

2. Еңбекшілер депутаттарының аудандық Совет атқару комитеттерінің мына бөлімдері біріктірілсін: ауылшаруашылық бөлімі, мақташар-

Біз спортсмендердің көбірек болуын, өзіміздің қатардағы спортсмендердің көп болуын тілеуге тиістіміз, өйткені, сайып келгенде, істің түйінін қатардағы спортсмендер және спорттың бұқаралық болуы шешеді.

В. М. МОЛОТОВ.

Сүйікті Коммунистік партияның төңірегіне берік топтасайық

Колхоз құрылысын нығайта береміз

Партия, совет активімен басқосқан ҚКП Булаев аудандық комитетінің пленумына 200-ден астам адам қатысты. Пленумда аудандық комитеттің секретары Курлов жолдас баяндама жасады.

Баяндамашы және жарыссөзге шығын сөйлеушілер Берияның мемлекетке қарсы, партияға қарсы қылмысты әрекеттері туралы деркесінде және батыл қолданған СОКП Орталық Комитетінің шараларын бірауыздан мақұлдады.

Мінбеде Стаханов атындағы колхоз партия ұйымының секретары Мендібаев жолдас. Берияның зымияндық әрекеттеріне —деді ол —біздің колхоздың колхозшылары мен колхозшы әйелдері батыл наразылық білдіреді. Халық жауы Берия үкмет пен партияның кешіктіруді күтпейтін қарарларын қосақана бөлеп, елімізді азық- түлікпен қамтамасыз етуді қыйындатқысы келді. Авантюрист Берия өзінің зұлымдық әрекетімен колхозды ыдыратып, біздің бақытты өмірімізге нұқсан келтіргісі келді. Орталық Комитеттің данышпандық қырағылығы арқасында еліміздің бұл әрекеті іс жүзіне аспай, ол деркесінде әпкереленді. Колхозды -ауылды көркейткіп, еселеген жігермен еңбек ету арқылы СОКП Орталық Комитеті Пленумының қарарын үнемі қолдан отырамыз.

Стаханов атындағы колхоздың колхозшылары мен колхозшы әйелдері егін орағына дейін жемшөп дайындау жоспарын толық орындап, осы жылдың 5 августына дейін мал фермаларына 6 мың центнер шөп тасуға міндеттенді. Бұл міндеттемені аброймен, деркесінде орындау мақсатымен бұл күндері колхозшылар аянбай еңбек етуде.

Біз пленумның қаулысын бірауыздан қуаттаймыз

— Булаев МТС-нің жұмысшылары мен қызметкерлері,— деді МТС директоры Лепехин жолдас, —халықаралық империализмнің агенті Берияның қылмысты әрекеттері жөніндегі СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын асқан жігермен қарсы алды. МТС коллективі бұған жауап ретінде талудағы бескүндіктерде егін орағына өзіндік жұмыстарын аяқтап, берік жемшөп қорын жасау үшін колхоздарға көмектесуге міндеттенді. Бұл күндері Савченко, Пискун және басқа жолдастардың бригадалары өздерінің алған міндеттемелерін орындап, жоспардан тыс шөп шауып жүр.

Совет совхозы партия ұйымының секретары Кравченко жолдас партия мен үкметтің бүкіл совет халқы мен бірге совхоз жұмысшылары мен қызметкерлеріне де күнбе-күн қамқорлық жасап отырғанына тоқталды. Ол аудандық партия комитетінің жергілікті партия ұйымдарына басшылығындағы кейбір орын алған кемшіліктерді сынады.

ҚКП аудандық комитетінің секретарлары Курлов және Имақов жолдастар біздің совхозға келіп, совхоз жұмысшылары алдында бірде-бір баяндама жасаған емес —деді ол.

Пленумға қатысушылар аудандық комитет пен аудандық Совет атқамыннің және оның бөлімдерінің ауылшаруашылығына басшылығындағы кемшіліктерін ашып, оны жою жөнінде бағалы ұсыныстар жасады.

Партия, совет активімен басқосқан аудандық комитеттің пленумы СОКП Орталық Комитеті Пленумының қарарларын басшылыққа алып, оны бұлжытпай орындау жөнінде қаулы алды.

жеңіп шыққан еліміздің футболшыларын, конкистлерін, волейболшыларын, ауыр атлетиктерін, баскетболшыларын, шахматшыларын орынды мақтан етеді.

Физкультура қозғалысын онан әрі өркендете беру жөнінде республикамыздың да бірқатар табыстары бар. Бүкіл совет физкультурашылары сыяқты Қазақстанның физкультурашылары өздерінің өнерін, спорт шеберлігін жылдан-жылға арттырып келеді. Спортпен шұғылданушы жастардың саны үздіксіз көбейеде. Кәзір республикамызда 7800 физкультура коллективі жарты миллионнан астам физкультурашыларды біріктіріп отыр. Республика спортшылары өткізілген спорт жарыстарында көптеген жаңа рекордтар жасап, бұрын жасалған рекордтарды жаңартты. Қазақ жастары арасынан бірқатар талантты спортсмендер өсіп жетілді. Жүзу және классикалық күрестен чемпион атағын алған Бақыт Елқондиев, спорт гимнастикасының чемпионы Қадыр Қуанышбаев, ат спорты жөнінен Совет Одағының рекордшысы Тулақбаев, ат спорты жөнінен орта Азия чемпионы Рымбаева, республика еңбекшілерінің мақтаншысы.

Жергілікті партия, совет, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының күнбе-күнгі көмегіне сүйене отырып, облысымыздың физкультурашылары өздерінің мерекесін физкультура мен спортты жаппай өрістете-

бістары сөзсіз зор. Алайда, облысымызда физкультураны жаппай өрістетуде әлі де болса кемшіліктер де жоқ емес. Спорттың түр-түрі жөнінен артта қалушылық, бұқаралық, оқу-жаттығу және тәрбие жұмыстарының өз дәрежесінде жүргізілмеуі сыяқты кемшіліктер жойыламай келеді. Кейбір колхоздарда төменгі физкультура коллективтері құрылғанмен олардың жұмысы өз дәрежесінде жүргізілмейді. Ерікті спорт қоғамдарының барлығы бірдей өткізілетін спорт жарыстарына әрдайым, толық әзірлікпен қатысып отырмайды.

Жазғы спортты өрістете жүргізу үшін бұл кезең ең қолайлы кезең. Сондықтан физкультурашыларымыздың алдында тұрған міндеттерін аброймен орындау үшін ең алдымен кездескен кемшіліктерді дереу жойып, физкультурашылар арасындағы тәрбие жұмыстарын кеңінен өрістетуге керек. Ал, жергілікті партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының бұл мәселеге көбірек көңіл бөлгені жөн.

Еліміздің барлық еңбекшілерімен бірге облысымыздың спортшылары да бүгінгі физкультурашылардың Бүкілодақтық күнін салтанатпен мерекелей отырып, еліміздің күш-қуатын онан әрі арттыру, бесінші бесжылдық жоспарды ойдағыдай орындау жолында аянбай еңбек етуге, сүйікті Отанның қорғауға әрқашан дайын екенін тағы да бір рет көрсетеді.

В. В. Маяковскийдің туғанына 60 жыл толуына

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Луговой ауданының «Алга бас» ауылшаруашылық артелінің кітапханасында В. В. Маяковскийдің туғанына 60 жыл толуына арналған тақырыптық кеш болды. Мұғалім Әбу Дүрімбетов колхозшыларға тамаша совет ақыны — шешеннің өмірі мен творчествосы туралы әңгіме айтты. Жас мақтасылар Зытбек Байданов пен Каншайым Қабықбекова В. В. Маяковскийдің «Владимир Ильич Ленин» поэмасынан үзінділер оқыды.

В. В. Маяковскийдің туғанына 60 жыл толуына әзірлік Шу ауданының селолары мен ауылдарында да өрістеді. Кітапханаларда, оқу залдарында, ақын

шығармаларының көрмелері ашылған, оқушылар конференциялары өткізілуде. Қызыл отаудың меңгерушісі Нұртай Оқасов отардағы малшыларға «Маяковский және қазақ әдебиеті» деген тақырыпта лекция оқыды. Ақын Жақсыбай Кантөбетов ұлы ақынға арнап шығарған өлеңдерін оқыды.

Қаланың өнеркәсіп орындары клубтарының көркемөнерпазшылар коллективтері Маяковскийдің мерекелі күніне концерттер әзірледі, жүздеген үгітшілер заводтарда, колхоздар мен совхоздарда, ақынның өмірі мен творчествосы туралы әңгімелер өткізуде.

Болашаққа жол ашық

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Облыстың жұмысшы жастарының кешкі мектептерінде кластан класқа көшіру және мектепті бітіру емтихандары аяқталды. Қарағандының Қоңыраттың 370-тен аса жас кеншілері, Балқаштың Теміртаудың, Қарсақпайдың металлургия өндірістен қол үзбей оқып, орта мектепті ойдағыдай бітірді.

Көптеген жас жұмысшылар мен қызметшілер жоғары оқу орындарында онан әрі оқып білім алуды ұйғарып отыр. Костенко атындағы шахтаның проходчигі Леонид Бобров Москваның кен институтына, электр қуаты басқармасының электромонтері Василий Ковтуненко — политехникалық институтқа,

осы басқарманың көмекші станциясының дежурный Валентина Трофимова — байланыс институтына түсуге ұйғарды. Кешкі мектептерді бітірген көптеген жастар Қарағандының педагогикалық, медициналық институттарында оқымақшы.

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Облыстың драматеатрында 10-класты бітіргендердің кеші болды. Совет жастарының бақытты болашағы туралы қалалық партия комитетінің секретары Святощ жолдас баяндама жасады. Қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі Гудинов жолдас, қалалық комсомол комитетінің секретары Детковская жолдас мектепті бітіргендерді құттықтап сөз сөйледі.

дегі бөлімдері мен басқармалары біріктірілсін;

ауыл шаруашылығы басқармасы, мақта шаруашылығы басқармасы, село және колхоз құрылысы басқармасы және су шаруашылығы бөлімі бір басқарма — ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасы болып біріктірілсін;

киноландыру басқармасы, искусство істері жөніндегі бөлім және мәдени-ағарту жұмыстары бөлімі мәдениет басқармасы болып біріктірілсін;

автомобиль транспорты басқармасы және жол бөлімі жол және транспорт шаруашылығы басқармасы болып біріктірілсін;

жергілікті отын өнеркәсіп басқармасы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
Д. КЕРІМБАЕВ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары
Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы, 17 июль 1953 жыл.

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

Таңдаулы машинистер

Паровоздың техникалық және орта тәуеліктік жүріс жылдамдығын үнемі шапшаңдатып, жүк тасудың тапсырмасын артығымен орындаумен бірге көп отын үнемдеу — таңдаулы машинистің өндірістік негізгі көрсеткіштерінің бірі. Міне, осындай өндірістік көрсеткіштерді қажырлы еңбегімен жеңіп алушы паровоз депосы машинистерінің ішінде паровозшы А. Кочетков жолдас ерекше көзге түседі.

Осы соңғы күндерде ол Петропавлдан Есілкөлге шыққан сапарын тамаша көрсеткіштермен аяқтады. Бір сапарда жоспардан тыс 280 тоннадан астам жүк апарып, поезды көрсетілген мерзімнен станцияға 21 минут бұрын жеткізді.

Теміржолшылардың дәстүрлі мерекесін өндірістік жеңістермен қарсы алуға депонның басқа машинистері де белсене қатысуда. Мәселен, паровозшы Б. Кушнаренко жолдас соңғы күні Петропавл — Есілкөл арасына шыққан сапарын жақсы аяқтады. Ол локомотивтің орта тәуеліктік жүріс жылдамдығын 408 километрге жеткізіп, поезды белгіленген мерзімнен станцияға 30 минут бұрын жеткізді.

СТАХАНОВШЫ ВАГОНШЫЛАР

Петропавл вагон-жөндеу депосының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері теміржолшылар күніне лайықты өндірістік тартулар әзірлеуде.

Вагон жөндеу жөніндегі өндірістік программаны мерзімінен бұрын аяқтауды вагон бояушы А. Гранатная, Р. Пашкова, Т. Киселева жолдастар алда келеді. Бұл стахановшы қыздар жыл басынан бері 180 вагон бояп бітірді. Вагон бояушы қыздар мінсіз жоғары сапалы өнім беруді өздерінің іскерлік қаблеттерімен қамтамасыз етуде. Олар бояған 180 вагонның ішінде 175 вагонның боялу сапасы өте жақсы деп бағаланды. Олар июльдің алғашқы онкүндігінің ішінде ғана 8 вагон бояп, тапсырманы 140 процент орындады.

уашылық бөлімі, сушаруашылық бөлімі және село және колхоз құрылысы бөлімі бір бөлім — ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімі болып біріктірілсін; киноландыру бөлімі және мәдени-ағарту жұмыстары бөлімі бір бөлім — мәдениет бөлімі болып біріктірілсін; жол бөлімі жол және транспорт шаруашылығы бөлімі болып қайта құрылсын.

3. Еңбекшілер депутаттарының қалалық Советі атқару комитеттерінің мәдени-ағарту жұмыстары бөлімі мәдениет бөлімі болып қайта құрылсын.

4. Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Жоғарғы Советінің қарауына Қазақ ССР Конституциясына тиісті өзгертулер жасау туралы ұсыныс енгізілсін.

ның қас дұшпаны, дүниежүзілік соғыстың өртен тұтандырып отырған империализмнің жалдамалы агенті, буржуазияшыл азғын Берияның партияға және мемлекетке қарсы қылмысты әрекеттерін жою туралы СОКП Орталық Комитеті Пленумының және ССРО Жоғарғы Советі Президиумының қаулысын қаладағы шағын двигательдер зауыдының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері толық мақұлдап қарсы алды.

Механикалық цехтың аға бақылаушы мастери Крупской жолдас халқымыздың күреспен, қажырлы еңбекпен жеңіп алған бақытты өміріне тікелей қастандық жасаған опасыз Берияға совет адамдарының кекті өшпенділігін білдіре келіп, былай деді:

— Жұмысшы табы ішкі және сыртқы жауларды әрқашан Совет Одағы Коммунистік партиясының басшылығымен жеңіп келді, келешекте де солай жеңе бермекші. Туысқан партиямыздың болаттай

партияның бірлігі — Совет мемлекетінің мығымас күші, оның абройы, даңқы, оның тәуелсіздігінің кепілі болып табылады. Жаулар қалай бүркемеленсе де біз оларды әшкередеп, партия мен халықтың бірлігін көздің қарашығындай сақтауға ант етеміз.

— Бүкіл совет халқымен бірге, — деді комсомол ұйымының секретары Попова жолдас, — совет жастары халық жауы Берияны дерезінде әшкередеп, тиісті жазасын тартқызу үшін оның қылмысты ісін совет сотына бергені үшін партияның Орталық Комитетіне шексіз алғыс айтады. Ленин комсомолы Коммунистік партияның адал, сенімді көмекшісі болып келеді. Совет жастары Ленин және Сталин ұйымдастырып шынықтырған Коммунистік партияның басшылығымен жұмыс істеуге әрқашан дайын.

Сөйтіп, бұл жыйналыс Коммунистік партияның ісіне шексіз берілгендіктің тамаша көріністерінің бірі болды.

ОЗАТ ЦЕХ

Механикалық цех — вагон-жөндеу депосының озат цехтарының бірінен саналады. Цехты басқарушы Ф. Зинченко жолдас өндірістік программаны мерзімінен бұрын мүлтіксіз орындауға коллектив мүшелерін ұйымдастыра білген. Мұнда социалистік жарыс ойдағыдай ұйымдастырылып, алынған міндеттемелердің орындалуы үнемі тексеріліп отырылады және тексерістің қорытындылары көрсеткіш тақтасына, қабырға газеті мен листовкаларға жазылып, озаттардың жақсы тәжірибелері көпшіліктің игілігіне айналдырылған.

Цех коллективі июль айының тапсырмасын орындауды 225 процентке жеткізіп, тамаша өндірістік табысқа ие болды. Цех токарьлар Г. Осипенко, А. Иванов, Г. Пасечный жолдастары мақтаншы етеді. Ол орынды мақтаншы. Мәселен, Осипенко жолдас жыл басынан бері өндірістік тапсырманы 250—310 процент етіп орындап келеді. Таңдаулы токарь үстіміздегі жылдың бірінші жартысында екіжарым жылдың программасын орындаған. Ал, токарь Алексей Иванов алты айдың ішінде 3 жылдың тапсырмасын орындауды қамтамасыз етіп, цех коллективінің құрмет-қошаметіне бөленген.

Бұл цехтарғы коммунистер Г. Орешин, А. Охременков жолдастар өндіріс озаттары болып саналады. Олар сменалық тапсырманы үнемі 200-220 процент орындап, мінсіз сапалы өнім беруді қамтамасыз етуде.

Цехтың бұранда жасаушысы Юлия Ремигайло жолдасының стахановтық еңбегін ерекше атап өту қажет. Ол июль айының тапсырмасын 170 процент орындаған. Ал, кәзір теміржолшылар күні қарсаңында берілген тапсырманы екі еседен артық орындауда. Ремигайло жолдас сменасына 500 бұранда жасауды орына 1000—1100 бұранда жасап, қажырлы еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп келеді.

М. ӘДІЛОВ.



Петропавл паровоз депосының комсомол-жастар колоннасының мүшелері әрбір сапардан кейін жарыста алған міндеттемелерінің орындалуын тексеріп отырады.

СУРЕТТЕ: Нұсқаушы машинисттерге жарыстың қорытындысын В. Пахомов, Н. Лесков, П. Белый, Н.

Николай Лесков сапардан келген машинисттерге естіргуде. (солдан оңға қарай) А. Мания, Бояркин және Н. Маковский жолдастар. Суретті түсірген: А. Розенштейн.

АҚТАЛҒАН СЕΝІМ

А. Карташов жолдас паровозшының көмекшісі болып екі ай істегеннен кейін, паровоз депосының коллективі оған халық шаруашылығына керекті жұмыс елден составты алып жүру сыяқты үлкен сенім көрсетті. Жас паровозшы коллективі сенімді ақтау жөніндегі өзінің жауапкершілігін жақсы түсініп, локомотивті алып жүру ісіне жете назар аударды.

Машинист А. Карташов жолдас паровоздың орта тәуеліктік жүріс жылдамдығын 390 километрге жуықтатып, бір сапарда жоспардан тыс 290 тонна жүк тасуды және поезды станцияға көрсетілген мерзімінен 23 минут бұрын жеткізуді қамтамасыз етті. Комсомолец Карташов теміржолшылар күнін еңбек өнімділігін арттыра берумен қарсы алмақшы.



В. В. Маяковский



„Маяковский біздің совет дәуірінің таңдаулы, аса талантты ақыны болды және болып қалады да“. И. СТАЛИН.

★
В. МАЯКОВСКИЙ.

Ең жақсы өлең

Жаудырып
шаншу сұрақ
залда халық,
Бораған хаттарымен
састырмақшы:
— Маяковский жолдас, сен
таңдап алып
Оқып бер
Өлеңінді
нағыз жақсы. —
Қайсысын
өлеңімнің
таңдасам жөн?
Қалдым ойлап,
Столға сүйендім де.
Оларға
оқысам ба мынаны мен,
Әлде
Тәуір ана бір өлеңім бе?
Қонарғанша
Қоймасын
ескі жырдың
Үлкен зал
тына қалып
мені күтті,
«Солтүстік жұмысшысы»
газетінің
Секретары маған неп
сыбыр етті...
Бір жақта
ақындықтың қалды әуені.
Айқайдан да ащы
даусым шықты сонда:
— Кантонның
жұмысшысы,
өскерлері,
Жолдастар!
Өз Шанхайын алды қолға
Жатқандай
қаңылтырды
қолмен иіп,
Үдеді
зор қошамет,
дауыс, дабыл.
Бес минут,
он минут,
он бес минут.
Қол соқты сонда бүкіл
Ярославль.
Чемберлен
нотасына
қарсы сокқан
Бір дауыл
басып өтіп
жер қыянын



★
В. МАЯКОВСКИЙ.

Советтік паспорт туралы өлең

Мен қасқырша
Мытар ем
Төрелікті
Мандаттарды
Құрметтеу
Жоқ-ақ әлі.
Өзге
Қағаз біткендер
Жоғал тіпті,
Сайтан алсын дер едім.
Ал мынаны...
Бойын өрлей
Купе мен
Каюттардың
Чиновник маңызданып
Жүріп келді.
Жұрт паспортын —
Берді оған,
Мен де бердім —
Өзімнің
Нарттай қызыл кінежекпенді.
Кей паспортқа —
Жымыйып езу тартты.
Кейбіріне
Қарайды тыжырынып,
Мысалы алды
Құрметтеп
Бір паспортты
Қос арыстан басы бар
Ағылшындық.
Жаутаң қағып,
Бас иіп,
Жаны қалмай,
Ізет тұтып
Алдында игі ағаның,
Кәдімгі бір
Шай-пайлық теңге
Алғандай, —
Паспортын
Алды келіп американың,
Афишаны көргендей
Ешкі үңіліп,
Польшаның
Паспортын да ашты келіп.
Ашты да,
Көзі тіпті шықты ұядан
Қайдағы
Бұл жаңалық? —
Деп ойлады,
Піл сықылды
Полицей сұсты жаман:
Қылша мойны
Бұрылмай қатып қалған,
Елтипатсыз
Қалыппен
Селт етпеген, —

Отқа күйіп,
Аузы-басын қыйсайтып
Тақсыр тұрды.
Бұл господин чиновник
Алды келіп
Менің
Қызыл тері-тыс
паспортымды.
Алды
бейне-бомбадай,
Я, кірпідей, —
Паспортымды
Қос жүзді
Устарадай.
Паспорт
Оған
Жеті бас
Улы тілді
Көрінді
Екі метр — оқ жыландай.
Берді ишарат
Ым қағып
Жүкші көзі, —
Жүк тасыған
Боп жүріп
Жай жанында.
Жандарм
Десе —
Тыңшы
Нені сезді,
Тыңшы қарайд
Ақырын жандармға:
Мәз болар ед
Жандарм
Қайнап қатты
Ұрып-соғып
Тепкілеп
Маған қас қып, —
Болғандықтан: —
Қолымда
Балға, орақты
Айбыны зор
Советтік қызыл паспорт.
Мен қасқырша
Мытар ем
Төрелікті
Мандаттарды
Құрметтеу
Жоқ-ақ, әлі!
Өзге қағаз
Біткендер
Жоғал, тіпті —
Сайтан алсын дер едім.
Ал, мынаны...
Мен шығарам
Кең қалта шалбарымнан

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС
КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 17 июль. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясі бүгін халық әскерлерінің құрамалары өткен күні Ионьхоньның батысына таман және Синмоктон, Ильмоктон ауданында дұшпанға қарсы жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізді деп хабарлады.

Дұшпан 30-дан артық самолеттер мен бірнеше ондаған танктердің қолдауына сүйеніп, 2 полкқа жуық әскердің күшімен халық әскерлерінің шептеріне 7 дүркін шабуыл жасады. Алайда халық әскерлерінің құрамалары дұшпанның барлық атақаларын тойтарып тастап, оны шығындарға ұшыратты.

Бүгін зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның 3 самолетін атып түсіріп, 5 самолетін зияндады.

ЖАПОНИЯ ЕҢБЕКШІЛЕРІ
ЖАПОНИЯ КОММУНИСТІК
ПАРТИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА
31 ЖЫЛ ТОЛУЫН АТАП ӨТУДЕ

ПЕКИН, 17 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігі мынаны хабарлады:

15 июльде Жапония Коммунистік партиясының құрылғанына 31 жыл толды. Жапониядан алынған хабарларға қарағанда, бұл датаны Токио, Осана және елдің басқа қалаларының еңбекшілері митингтермен және жыйналыстармен атап өткен.

Токиода болған жыйналысқа 1300-ден астам адам қатысқан. Жыйналысқа қатысушылар Жапония Коммунистік партиясының басшы қайраткерлерінің баяндамаларын тыңдаған. Баяндамалардан кейін прогресшіл «Дзенсиндза» театрының күшімен қойылған спектакль көрсетілген.

ИНДО-ҚЫТАЙДАҒЫ ФРАНЦУЗ
ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ БАС ҚОЛ
БАСШЫСЫНЫҢ МОЙЫНДАУЫ

ПАРИЖ, 17 июль. (СОТА). «Либерасьон» газетінде Индо-Қытайдағы француз қарулы күштерінің бас қол басшысы генерал Наваррдың баспасөз өкілдеріне жасаған мәлімдемесі жарияланды. «Екі жылдан бері үнемі шегініп келе жатқандығымызды, — деп мәлімдейді ол, — мен мойындауға міндеттімін. Вьетмин шабуылының қызыл өрнектері барған сайын жиіленуде. Ешуақытта да вьетминнің жауынгерлік күштері кәзіргі уақыттағыдай мұнша күдретті болған емес еді... Көп жаңбырлардың мерзімі аяқталғаннан кейін олар не Тонкинге, немесе Лаосқа, немесе Вьетнамның орталығында шабуылды еркін бастай алады».

ГРЕК ПАРЛАМЕНТИНІҢ КОМИССИЯСЫ «БАСЫ АРТЫҚ» ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ ЖҰМЫСТАН ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН БЕКІТТІ

АФИНЫ, 17 июль. (СОТА). Афины

Шанхай жақтан
Жалт бұрды
дредноуттар1)
тұмсықтарын.
Теңгермен
барша ақындық
қоқысын да,
Ақындықтың бірде-бір
асқан даңқын,
Теңгермен газеттің жай фактысына,
Осылай қол соқса
оған
туған халқым.
О, жұмысшы
қатарын
жымдастырған
Ынтымақтан
артық күш
тауып алшы!
Қытайдың құлдарына
туыс-туған
Қолың соқ,
май бұлғаушы,

1) Дредноуттар — сауытты ірі кеме.
Аударған М. ӘЛІМБАЕВ.

В. МАЯКОВСКИЙ.

ЖАС ГВАРДИЯ

Айналу —
жердің ісі.
Су ісі —
құйылу.
Жас гвардияшылар
борышы —
Алға шабу.
жүгіру.
Бізге жат
өмір ілбіген.
Қызыл ту астында
зымыра.
Комсомолдық
миллион легиңмен
Алға!
Бірақ, аз бұл да.
Самса,
ал кітап сөресін,
Әріпті де
шаншылтып қалдыр да.
Егеміз,
Тереміз
ой жемісін,

Алға!
Бірақ аз бұл да.
Сермеп өт атой толқынмен
Ең зәулім биіктен
қарғы да.
Ойды
жаңа
сезіммен
Қопар!
Бірақ аз бұл да.
Әлемді жайнат
кілемге орай,
Сілкі
әлемнен
күйені
Бұйырып
зымырат
бізге қарай
Бүкіл
байтақ
дүниені!

Аударған М. ӘЛІМБАЕВ.

Леде
Паспортты датчандардан, —
Тағы
Әртүрлі
Әне бір
Швердтерден.
Кенет —
Шошып түскендей

Бүгін сөз бізде,
Жолдастар —
Ақын Маяковский!
Кадір тұтқан ұрпақтар
Көрсетіп оған
Құрмет-сый.
... Поэзия шыңынан
Алысқа көз тікті ақын.
Революция жолынан
Шыңдалып өсіп, өтті ақын.
Ақын жаны күш тапты
Компартия ісінен.
Жырлап жырын таратты
Барлық жүрек күшімен.
Поэзия шыңында
Ақындарға жол нұсқап,
Оқып тұр өне, жырын да
Бар дауыспен нақыштап.
Біз айтамыз —
Ақынның
Сөзі өткір деп қылыштан.
Жаралған деп жыры оның

ПОЭЗИЯ ШЫҢЫНДА

Шын болаттан,
Құрыштан.
Арнады ақын жырларын
Партияға,
Халыққа.
Атқызған бақыт нұр таңын
Лениндей көсем —
Алыпқа.
Жауынгер ақын өзінің
Сөзімен отты, қанатты,
Шарлап тегіс жер жүзін.
Бейбіт ұран таратты.
Жырлады ақын мадақтап
Советтік қызыл паспортты.
Көтерді көкке ардақтап
Азаматтық ол атты.
Бар нөсердей күшті екпін
Өлеңінде.
Жырында.
Сөйлеп тұр ғой ұлы ақын
Поэзия шыңында.
Рахметолла УӘЛИЕВ.

ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ

Заманымыздың ұлы ақыны — В. В. Маяковскийдің творчествосының еңбекшілердің қалың бұқарасы мен ССРО халықтарының әдебиетіне жасап отырған ықпалы жылдан-жылға тереңірек айқындала түсуде. Халық, әсіресе, жастар шын жүрегімен сүйетін оның шығармалары тек совет адамдарының ғана емес, шетелдердегі миллиондаған еңбекшілердің өмірі мен тұрмысына енген. Оның шығармалары халықтардың коммунизм жолындағы күресінде жауынгерлік сапта тұрған қарарлы, тот баспайтын және ескірмейтін қаруы болып табылады.

Тарихта тұңғыш рет Маяковский поэзияны саяси күреспен ашық байланыстырды, поэзияның творчестволық күшін еңбекшілер бұқарасының мүддесіне бағындырды, оны саяси насихат пен үгіттің айбынды құралына айналдырды. Отанға қызмет етуге қойды. Орыстың классиктік поэзиясының бай сөздік қорын пайдалана отырып, ол мұнымен бірге жұмысшылардың, солдаттар мен матростардың, сан мың митингте сөйлеген сөзін, саяси ұрандарды, публицистикалық тәсілдерді, революциялық күрестің барысында туған жаңа ұғымдар мен терминдерді, өлеңнің көркем өрісіне батыл енгізді. Мұның барлығы поэзия шеңберін кедейтті, оны жаңа революцияшыл мазмұнмен байытты, оның жаңа міндеттерін белгілеп берді, оған бұған дейін болып көрмеген өріс берді. Маяковскийдің әдебиеттегі жаңашылдығы оның озат прогрестік көз-

қарасынан, оның поэзиясының саяси бағытынан тұды. Ол өз творчествосының алдына — ескі дүниені қыйратып, еңбек үстемдігін орнату, партия жолын жүзеге асыру міндеттерін қойды.

Маяковскийдің творчествосы жалынды патриотизм, Отан-анаға туған баланың шексіз берілгендігі сезіміне толы. Совет ақындарының бірде-бірі өзінің социалистік Отанға деген сүйіспеншілігін Маяковскийдей терең, жете жаза алған жоқ.

Владимир Владимирович Маяковский 1893 жылғы 19 июльде Грузияда, бұрынғы Кутаиси губерниясының Багдади селосында орманшының семьясында туған. Гимназияда оқып жүрген кезінің өзінде ол 1905 жылғы революциялық демонстрацияларға қатысқан. Бұл жағдайды зирек жасөспірім әрқашан есте сақтаған.

1906 жылдың февралінде Маяковскийдің әкесі — Владимир Константинович қайтыс болады. Көп көшікпей Маяковскийлердің семьясы Москваға көшеді. Мұнда Владимир шешесімен және қарындастарымен бірге өмір сүру үшін өз еңбектерімен қаржы табуға мәжбүр болады.

Революциялық көзқарастағы студенттердің көмегімен 15 жасар Маяковский Москвада РСДЖП-ның (большевиктердің) астыртын ұйымымен жақындасады. Партия комитетінің тапсыруы бойынша ол баспахананың әріп терушілері, өтікшілер нан пісірушілер арасында астыртын жү-

мыстар жүргізеді. 1908—1909 жылдардың ішінде Маяковский үш рет тұтқынға алынады. Соңғы рет тұтқынға алынғанда Бутырек түрмесінде бірнеше ай бойына жеке камерада отырады. Мұнда ол өзінің алғашқы өлеңдерін жазады, бірақ, олар сақталмаған. Жасөспірім Маяковский сотталады. Москваның патшалық охрнкасы оны Томск губерниясындағы Надым өлкесіне үш жыл мерзімге жер аударуды талап етті. Алайда, өте жас болуы себепті Маяковскийге бостандық беріледі де оған полицейлік бақылаулар жасалады.

Мұның барлығы Маяковскийдің ақындық бейнесі мен дүниеге көзқарасына өзінің ізін түсіреді, сонымен қатар пролетарлық революцияның, коммунизмнің нағыз жырысы болуына көмектесті.

1911 жылдың күзінде Маяковский Москваның көркемсурет училищесіне түседі. Бұл кезде ол Бурлюк, Крученых, Хлебников және басқа футуристермен жақындасып, формалистік жаңашылдықпен әуестенеді. Ертеден келе жатқан искусствоны, Пушкинді, Достоевскийді, Толстойды осы заманның көмесінен лақтырып тастауды ұсынған айқайшы эстеттердің ықпалына түседі. Бұл, әрине, оның сол кездегі саяси сауатының төмендігін дәлелдейтін үлкен қатесі.

Маяковский өз өмірінің сол кезеңінде футуризмнің реакциялық, халыққа қарсы, реализмге қарсы маңызын түсіне қойған жоқ.

Кейбір Маяковскийді «зерттеушілер» — С. Трегуб, А. Колосков және басқалары ақынның бұл қателерін және адасушылықтарын бүркемелеуге және оны ақын творчествосының барлық кезеңдерінде, тіпті жасөспірім ізденуші кезінде де социалистік реализмнің жетілген шебері ретінде көрсетуге әрекеттенеді. Сонымен тарихи шындық бұрмаланады, ақынның бейнесі бұрмаланады. Сонымен бірге Ұлы Октябрь социалистік революциясының, Коммунистік партияның, жаңа, советтік шындықтың, Маяковскийге тигізген орасан зор ықпалы көмескіленіп, жоққа шығарылады.

Маяковский — біздің советтік дәуіріміздің ең таңдаулы, ең талантты ақыны.

Маяковскийдің «Владимир Ильич Ленин» поэмасы елдің идеялық және мәдениет өміріндегі аса көрнекті оқығға болды. Онда Ленин мен халық, халық пен партия біртұтас болып біріккен. Бұл поэма — Коммунистік партияның, оның ұлы ісінің өлмейтіндігінің салтанатты гимні.

Ақынның Отанға деген шексіз сүйіспеншілігі, оның советтік құрылысқа деген қуанышы мен мақтаншысы «Бродвей», «Буклин көпірі», «Шақыру» деген өлеңдерінде ерекше күшті бейнеленген.

Отанға деген сүйіспеншілік пен берілгендік мотиві әрбір совет адамына белгілі.

Көріңдер,
Күндесеңдер, күйіңдер,
Мен —
Совет Одағының
азаматы.

Патриот-ақын халықтар достығын жырлады, шын мәніндегі интернационалист болды. Оны американдық негрдің де, қайыршыланған француз әйелінің де тағдыры толқитты. Ол өзін Жапонияның шие жемістері мен Багдадтың аспаны алдында борыштымын деп есептеді. Олар жөнінде жазғысы келді, бірақ үлгере алмады.

Маяковский орыстың классиктік өлең құрылысының ежелгі дәстүріне ере отырып, өлеңнің өзіндік ерекше түрлерін жасады, өлең жолдарын сөздердің маңызына қарай «басқыштап», «сатылап» топтарға бөліп орналастырды. Ақын бұл әдісті қолдан деп ешқашан, ешкімге орынсыз талап қойған жоқ.

Маяковскийдің дәстүрлеріне еру алдыңғы қатарлы совет ақындарын социализм елі әдебиетінің біртұтас жауынгерлік отрядына біріктіреді.

Владимир Маяковскийдің творчествосы совет адамдарын коммунизм құру жолындағы ұлы күреске жігерлендіреді. Ол өмір сүруде және ғасырлар бойы өмір сүреді.

В. АКШИНСКИЙ.

баспасөзі грек парламентінің комиссиясы «мемлекеттік аппаратты басы артық қызметшілерден арылту туралы» заң жобасын бекітті деп хабарлайды.

«Элефтерия» газеті 20 мың мемлекет қызметшілері осы заң жобасының құрбаны болмақшы» деп жазады.

«Аллаги» газеті билеуші партияны қолдамайтын барлық қызметшілерді үкметтің жұмыстан шығаруға ниеттеніп отырғандығын дәлелдеп жазады.

АВСТРАЛИЯ КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ҮЙІНЕ ШАБУЫЛ
ЛОНДОН, 17 июль. (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің Сиднейден берген хабарына қарағанда, бүгін «хауіпсіздік қызметінің» агенттері Сиднейдегі Австралия Компартиясының штаб-пәтеріне, коммунистік әдебиеттің дүкеніне және «Трибюн» газеті басылып шығып тұратын компартияға қарасты баспаханаға шабуыл жасаған.

Сол сыяқты, мұндай шабуылдар компартияның кейбір мүшелерінің пәтерлеріне де жасалған. Осы шабуылдардың кезінде баспадан шыққан көптеген материалдар конфискеленген.

СИНГАПУРДАҒЫ ҮЛКЕН ӨРТ
ЛОНДОН, 17 июль. (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің хабарына қарағанда, көп жылдардың ішінде бұрын болмаған өте үлкен өрттің салдарынан Сингапурде 2 мыңнан астам адам баспанасыз қалған.

Редактордың орынбасары
Г. НУРМОЛДИН.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ИМПЕРАТОРДЫҢ НАН ПІСІРУШІСІ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ПОЛК ҚЫЗЫ»

Сеанстар саған 6-8-10-да басталады.

ЖАЗҒЫ КИНОТЕАТРДА

«МІНЕЗДІ ҚЫЗ»

Сеанстар сағат 7-9-11-де басталады.

Қалалық өндіріс комбинаты жанынан ерлер мен әйелдердің сырт киімдері мен іш киімдерін тігетін тігін мастерской ашылды. Зақаздар киім тігіншісі адамның тоғарынан және мастерской тоғарынан тігуге де қабылданады. Сол сыяқты, мұнда киім тігуші шеберлер КЕРЕК.

Адрес: Петропавл қаласы, Урицкий көшесі (ой қала), 17-үй. Қалалық өндіріс комбинаты.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.